

## Ауылшаруашылық өнімін тереңдете қайта өндеп өнім шығару үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау нормативін бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 14 қарашадағы № 241 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Агроенеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 7-бабы 2-тармағының 12-7) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 3-2/615 "Өндеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете өндеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10087 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Өндеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете өндеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларының 11-тармағына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ауылшаруашылық өнімін тереңдете қайта өндеп өнім шығару үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау нормативі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жариялау үшін "Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің сайтында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроенеркәсіп кешені мәселелері жөніндегі бірінші орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі

E. Көшербаев

Шығыс Қазақстан облысы  
әкімдігінің 2023 жылғы 14

қарашадағы № 241 қаулысына  
қосымша

## **Ауылшаруашылық өнімін тереңдете қайта өндеп өнім шығару үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау нормативін бекіту туралы**

№	Ауыл шаруашылығы өнімінің атауы	Тереңдете өнделетін өнімдердің атауы	Сатып алынатын ауыл шаруашылығы өнімінің бірлігіне субсидиялар нормативі, тенге/кілограмм
1	Сұт	Сары май	95,9

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК